

# егемен Қазақстан

Әлемді әсем сазбен әлдилеген – Айман Қожабекқызы

Бұл – қазақтың талантты жауынгер ақыны Жұбан Молдағалиевтің қазақ аналарына арнап жырдан тұрғызған ескерткішінің бір үзiгi. Ақын ағамыз асқақтатып жырлағандай, Ұлы дала төсінде ел анасы, ерінің сенімді серігі, шаңырақтың ұйытқысы атанған асыл аналар аз болмаған.



Мен қазақ әйеліне қайран қалам,  
Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған.  
Сол менің жүрегімнің ханшайымы,  
Жыр шоғын ұсынамын айдан да оған.

Сарадай ақын болған, би де болған,  
Динадай дана, дарқан күй де болған.  
Найза алып, қол бастаған, жауға шапқан,  
Бал-бұл гүл, бақта бұлбұл, түзде балуан.

Қазіргі таңда да халқына қанатымен су сепкен қарлығаштай риясыз қызмет етіп келе жатқан қайраткер қазақ қыздары, Құдайға тәубе, баршылық. Сондай санаулы саңлақтардың бірі, Алаштан ат оздырған, беделді сахналарда өнер көрсетіп, әлемді әсем сазбен әлдилеген, талғамы биік тыңдармандарын тамсандырып жүрген аяулымыз да асылымыз – Айман Қожабекқызы Мұсақожаева.

Менің Айманды білгеніме, тілектес болып жүргеніме де қырық жылдан астам уақыт болыпты. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас», деп жыраулар толғағандай, тарыққанға тірек, торыққанға тілек болатын, музыканы өмірінің мәніне, скрипканы айнымас серігіне айналдырған қазақтың қайраткер қызы жайында жазылған мақалалар тым мардымсыз. Осы бір олқылықтың орнын толтырар ма екенмін деп қолға қалам алып отырған жайым бар.

Тегінде Мұсақожаевтар әулеті – қазақ мәдениеті тарихында алтын әріппен жазылатын қарашаңырақ. Бұл әулеттің әсіресе музаға деген іңкәрлігі ерекше. Жер жәннаты Жетісуда, Алматының іргесіндегі Қызылту дейтін аядай ауылдан апалы-сіңлілі музыканттар – Раиса, Раушан, Айман, Бақытжандар шығып, туған елін әсем музыка әуенімен тербеп, қала берді күллі әлемді тәнті етіп келеді.

Әкесі Қожабек Мәскеу ауылшаруашылық академиясын бітіріп, біршама басшылық қызметтерді атқарған атпал азамат болғанын ел аузынан естиміз. Анасы Рахила Дүтбаева да өнерден құралақан жан болмаған, Уәлидің Майрасының әнін шырқағанда жүзі ерекше нұрланып кететін еді дейді көзкөргендер. Ол 1936 жылы Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігіне де қатысқан. Әр сенбіде ата-аналары апалы-сіңлілі қыздарын жетелеп Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрына апарып жүреді. Осылайша «Алма ағашынан алысқа түспейді» дегендей, тұлымшағы желбіреген төрт қыз есейе келе Күләш Байсейітова атындағы музыка мектебіне оқуға түседі. Айманның музыка әлеміндегі құс жолындай сайраған сара жолы осы кезден басталды.

Қолына алғаш скрипка таяқшасын ұстатқан ұстазы Нина Михайловна Патрушеваның есімін де Айман әркез ілтипатпен еске алып отырады. «Домбырам тастамаймын қайда барсам, Жаныма жүре алмаймын байламасам» деп ақын Кенен Әзірбаев жырлағандай, Айман да 1965 жылдан бері скрипка аспабын бір сәтке де қолынан тастаған емес. Қабілетті де қағілез жеткіншек қыз жетінші сынып оқып жүргенде Алматыға келген атақты музыкант Арам Ильич Хачатурянның батасын алады. Жастайынан жасындай жарқылдаған өнерімен Жексенбек Еркінбеков, Еркеғали Рахмадиев, Нұрғиса Тілендиев, Ғазиза Жұбанова, Арам Хачатурян, Валерий Климов секілді корифейлердің көзіне түседі. Одан әрі П.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясында және оның ассистентурасында профессор В.Климовтың класында оқиды.

1976 жылы Югославияның Белград қаласында өткен халықаралық конкурста лауреат болды. Небары 18 жастағы қаршадай қыздың халықаралық сайыста Қазақстан атынан қаймықпай өнер көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінуі көрермендерді айрықша таңдандырады. Бұл оның музыка әлеміндегі алғашқы бағындырған шыңы еді.

Осыдан кейін Айманның ұдайы өсу, өрлеу, шарықтау жолдары басталады. 1981 жылы Генуядағы Паганини атындағы, 1983 жылы Токиодағы, 1985 жылы Хельсинкидегі Я.Сибелиус атындағы, 1986 жылы Мәскеудегі П.Чайковский атындағы VIII халықаралық конкурстардың лауреаты атанады.

Өнерде шекара жоқ, әрбір ұлттың музыкасын түсіну үшін тілді білу шарт емес. Тіл жетпейтін жерге музыка үні жетеді дегендей, Айманның скрипкасынан шыққан сиқырлы үн бүгінде әлем халқының жүрегін жаулап, жанын баурап алды.

Асылы, скрипканың түп атасы – қасиетті қобыз. Қазақ қобызының барлық ішекті аспаптардың атасы екендігін соңғы жылдары этно-музыка танушылар жиі айтып жүр. Бұл туралы неміс ғалымы В.Бахман да өз еңбектерінде жазып кеткен.

Қобызы күңіренген, домбырасы күмбірлеген, А.Затаевич «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» деп суреттейтін Ұлы Далаға скрипка аспабы XIX ғасырдың басында келген. Бұл аспапта Жаяу Мұса да ойнаған деген сөз бар. Абайдың ұлы Әбдірахман да скрипканы жабыққанда жанына серік қылған деседі. Бүгінгі таңда скрипканы жоғары кәсіби деңгейде, әлемдік масштабта меңгерген музыканттардың арасында Айман Мұсақожаеваның алдына түсетін қазақ жоқ. Маған кейде Айман қарындасымыз осы скрипка аспабымен бірге туғандай, бірге жаралғандай әсер қалдырады.

Шанағынан сиқырлы саз төккен скрипка аспабы пайда болды делінетін Италия жұртынан бастап, Ресей, Германия, Франция, Аустрия, Испания, Португалия, Англия, Финляндия, Түркия, Қытай, АҚШ, Канада, Бразилия секілді жүзден аса іргелі мемлекеттердің музыкаға жаны іңкәр тыңдармандары Айманның өнеріне тәнті болды. Қысқасы, бүгінде Айманның өрелі өнеріне қошемет көрсетпеген, тікесінен тік тұрып қол соқпаған адам кемде-кем. Бұл ауызбен айтуға ғана оңай, мұның арғы жағында қаншама жол азабы, соншама жан азабы жатыр. Бір таңғаларлығы – біздің Айман сахнаға көтерілгенде жаңбырдан кейінгі қауызын жаңа ашқан жауқазындай жайнап шыға келеді.

Иә, біз әлі күнге дейін Тәуелсіздік деген құдіреттің құнын толық бағалап, қадір-қасиетіне жете алмай келеміз.

Тәуелсіздік талай таланттардың бағын жандырды, дарындарға даңғыл жол ашты, өнерпаздарға шалқар шабыт сыйлады. Жыр алыбы Жамбыл секілді дәуір құрсағынан екінші мәрте қайта туғандай, тәуелсіздікпен бірге түлеген, тәуелсіздік қанаттандырған таланттар жайында сөз қозғағанда алдымен Айман Қожабекқызының есімі еріксіз тілге оралады.

Еліміз егемендік алып, ел қатарына қосылып, әлі етек-жеңін қымтап үлгермеген елең-алаң шақта Елбасы Н.Назарбаевтың ел астанасын Сарыарқаның төріне көшіру туралы ұсынысы тыпыршып жүрген талай тұлпарлардың жаңа тынысын ашқандай болды.

Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы деп жарияланған 1997 жылдың соңынан бастап Елбасымен бірге елдің бірталай азаматтары Арқаға қарай көш түзеді. Жетісудың жанға жайлы жаймашуақ ауа райына бойымыз үйренген біздің біразымыз әдепкіде Ақмоланың азынаған аязынан жүрексініп, әрі-сәрі күйге түскеніміз де жасырын емес. Осы кезде ер азаматқа бергісіз ерекше жігерлілікпен Елбасының бір ауыз сөзін жықпай, Ақмоланың төріне Қазақ ұлттық музыка академиясының қазығын қаққан қайсар қарындасымыз Айман Қожабекқызы Мұсақожаева болатын.

Академия құру – айтуға ғана оңай, шындығында оқу корпустарының аздығы, мамандардың жетіспеушілігі, қаражаттың тапшылығы, басқа да толып жатқан мәселелермен айналысу екінің бірінің қолынан келе қоятын шаруа емес. Осындай қыруар қиындықтан тайсалмай, білек сыбана кірісіп, ел-жұртты таңғалдырған ұйымдастырушылық қасиет Айман Қожабекқызының бойынан артығымен табылды.

Әлі есімде, 2000 жылы Астанада жазушы Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде аталып өтті. Іс-шараны өткізу жөніндегі комиссияны сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев басқарды. Әбіштің өзі арнайы телефон шалып шақырған соң Алматыдан мен де келіп сол жиынға қатыстым. Салтанатты шара бүгінгі Қазақ ұлттық музыка академиясының Жеңіс даңғылы бойындағы оқу корпусында өтті. Шара үстінде Президент аппаратынан жігіттер телефон соғып, Елбасының менімен жүздескісі келетіндігін хабарлады. Кездестік. Жылы шырайлы, байтақ әңгіме болды. Сәбит ағамыздың мерейтойына қатысуға келген мен сол күні Елбасының пәрменімен Еуразия ұлттық университетінің ректоры болып тағайындалдым.

Жаңа астанаға интеллигенция өкілдерін тартуда, мәдениет пен өнердің орталығына айналдыруға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Қазақ ұлттық музыка академиясы үлкен үлес қосты. Біз Айман екеуміз Астананы руханият ордасына айналдыру жолында аянбай бірге қызмет еттік. Еткен еңбек пен төккен тердің нәтижесі болар, бүгінде Астана білімі кемелденген, мәдениеті мен өнері өркендеген, ең рухты қалалардың бірі болып келеді.

Талантты адам барлық жағынан да талантты. Айман құрған академия бүгінде еліміздің маңдайалды ұлттық университетіне айналды. Мектеп-колледж-университет-магистратура-докторантура деңгейінде сатылы білім беретін жаңа оқу бағдарламасы да ойдағыдай жүзеге асуда.

Елордамен қатар биылғы жылы Қазақ ұлттық өнер университеті де жиырма жылдығын тойлағалы отыр. Іргелі оқу орны жиырма жылда толағай табыстарға қол жеткізді. Өнер көгінде көптеген жарық жұлдыздарды жақты. Жиырма жылда жеткен жетістіктердің басында осы оқу орнын жоқ жерден құрып, айдай әлемге танытқан қазақтың қайраткер қызы, дарынды музыкант, аяулы қарындасымыз Айман Қожабекқызы Мұсақожаеваның еңбегі өте зор.

А.Мұсақожаеваның есімі бүгінде музыкалық Олимпте М.Плетнев, Г.Кремер, Е.Грач, В.Третьяков, И.Гаврш сияқты әлем жұлдыздарымен қатар тұр. Ол Шығыс музыкасының

нәзіктігін, сезімталдығын Батыс музыкасының пафосымен ұштастырып, ұлттық өнерді әлем халқына танытты.

Айман Мұсақожаева скрипкалық музыканың бай репертуарын жинақтады. Соның ішінде Йоганн Себастиан Бах, Гайдн, Моцарт, Бетховен, Паганини, Брамс, Чайковский, Сибелиус секілді жарқын тұлғалардың, жаңа заман композиторларының, Қазақстан сазгерлерінің шығармалары бар.

Айманның биік өнері мен қайраткерлік қызметі үшін мемлекет тарапынан алған марапаттары мен әлемдік деңгейде иеленген атақтары аз емес. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері, ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты – «Әлем әртісі»...

Ақиқатында, дүниеде сатып та ала алмайтын, тартып та ала алмайтын ең қымбат сый – халықтың шынайы ықыласы. Биылғы жылы алпысыншы көктемін қарсы алып отырған қадірлі қарындасыма Құдай сені осы берген баға жетпес сыйдан айырмасын, еліңнің сүйіспеншілігіне бөленіп жүре бер дегім келеді.

Асылы, биыл тоқсан жылдығын атап өтіп жатқан Шыңғыс ағамызды еске алғанда «Адамзаттың Айтматовы» деген тіркес қоса айтылады. Шындығында, Шыңғыс ағамыз Алатауды жайлаған аядай қырғыз елінен шығып, атағы айдай әлемге мәшһүр болған қаламгер әрі қайраткер. Айман қарындасымызды да мен бүгінде туған халқының аясынан асып, ата-анасының, ұлтының ғана емес, күллі адамзаттың перзенті деңгейіне көтерілген ұлы музыкант деп бағалаймын.

Кәсіби музыканттығы, ұстаздығы, шебер ұйымдастырушылығы, қайраткерлігі, осының бәрінің басын қосатын Айман Қожабекқызының басты қасиеті – адамгершілігі. Мен Айманның үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлайтын кісілігіне, қазақы тәрбиесіне, ерекше жаратылысына өмір бойы тәнті болып келе жатқан ағаларының бірімін. Жүрегінің кеңдігімен де, жаратылысының тазалығымен де, күлкісінің шынайылығымен де, Алла берген ажарымен де Айманды елден ерекше ғып берген қазақ халқынан да, Аймандай асылдан да айналдық.

Біз Айманмен мақтана берейік, Айман қарындасымыз айдай әлемге мақтала берсін!

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ